

**"Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі
Экологиялық реттеу және бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесінің және оның
аумақтық органдарының Ережелерін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және Су ресурстары министрінің 2014 жылғы 20 қаңтардағы № 11-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қаңтарда № 9079 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 13 қазандағы № 597 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - КР Энергетика министрінің 13.10.2015 № 597 бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 29 қазандағы № 677 жарлығына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213-І Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» мемлекеттік мекемесінің ережесі, осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің тиісті облыстағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органы – Экология департаменті туралы ереже, осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің республикалық мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының тізімі, осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етуді және заңнамада көзделген тәртіппен оны ресми түрде бұқаралық ақпараттық құралдарда жариялауды.

5. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті, тиісті облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органы – Экология департаментері осы

бұйрықтың жүзеге асырылуы бойынша барлық қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *Н. Қаппаров*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о р ш а ғ а н о р т а ж ә н е с у
р е с у р с т а р ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы « 2 0 » қ а ң т а р д а ғ ы
№ 1 1 - ө б ұ й р ы ғ ы н а
1-қосымша

**«Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары
министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті»
мемлекеттік мекемесінің ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) қоршаған ортаны және табиғат ресурстары қорғау саласындағы реттеу функцияларын және мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

Комитет Комитетке тікелей бағынысты және есеп беретін тиісті облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органы – Экология департаменттеріне ие.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілдегі өзінің атауы бар мөрлер мен мөр таңбаларға, белгіленген үгілердегі бланктарға ие.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитеттің құрылымы және штат санының лимиті Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрімен келісе отырып Министрліктің Жауапты хатшысымен бекітіледі.

6. Комитеттің заңды мекен жайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Орынбор көшесі, 8-үй.

7. Комитеттің толық атауы:
мемлекеттік тілде – «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су
ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті»
мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - Государственное учреждение «Комитет экологического
регулирования и контроля Министерства окружающей среды и водных ресурсов
Республики Казахстан».

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаттары
есебінен жүзеге асырылады.

10. Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттемелерді орындау
мәні бойынша Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға
түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге
асыру құқығы ұсынылса, онда осындай қызметтен алынған табыс республикалық
бюджеттің табысына бағытталады.

11. Комитет келесі басқармалардан тұрады:
Әкімшілік-кадрлық жұмыс басқармасы;
Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы;
Мемлекеттік экологиялық бақылау басқармасы;
Лицензиялау басқармасы;
Экологиялық сараптама және рұқсаттар басқармасы;
Мемлекеттік метрологиялық-талдамалы бақылау басқармасы.

2. Комитеттің негізгі міндеттері

12. Комитеттің негізгі міндеттері болып мыналар табылады:

1) қоршаған ортаның сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті
камтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және қоғамның экологиялық
орнықты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізу;

2) қоршаған ортаны қорғау және мемлекеттік экологиялық бақылау
саласындағы мемлекеттік реттеу жүйесін өз құзыреті шегінде жетілдіру;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына
сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және өткізу;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензиялау қызметін ұйымдастыру,
жетілдіру, жүзеге асыру мен үйлестіру;

5) эмиссияларды ұйымдастыру, үйлестіру, нормалау және экологиялық
рұқсаттарды беруді жүзеге асыру;

б) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру.

3. Комитеттің негізгі функциялары

13. Комитеттің негізгі функциялары болып мемлекеттік экологиялық саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін аумақтық органдармен бірлесіп экологиялық реттеу және мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру т а б ы л а д ы .

14. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық реттеу функциялары:

1) мемлекеттік экологиялық сараптаманы құзыреті шегінде жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасында экологиялық сараптаманы жүзеге асыру қ ы з м е т і н ү й л е с т і р у ;

2) парниктік газдар шығарындыларына сертификат беру және қайта ресімдеу;

3) құзыреті шегінде қоршаған орта объектілеріне эмиссияға рұқсаттар беру және оларда қоршаған ортаға эмиссияға арналған лимиттерді белгілеу;

4) кешенді экологиялық рұқсаттар беру;

5) өз құзыреті шегінде табиғи ресурстарды пайдалану саласында лицензиялар , рұқсаттар, шарттар (келісімшарттар) беруді келісу;

6) қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге арналған лицензияларды беруді жүзеге асыру (қызметтің кіші түрлері: табиғатты қорғауды жобалау, шаруашылық және басқа да қызметтердің I санаты үшін нормалау; шаруашылық және басқа да қызметтердің I санаты үшін экологиялық аудит);

7) озонды бұзатын заттарды және оларды қамтитын өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына кірмейтін елдерден кіргізуге және ол елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан шығаруға лицензиялауды жүзеге а с ы р у ;

8) озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыс жүргізуге, озонды бұзатын заттарды қамтитын жабдықты жөндеуге, монтаждауға, оған қызмет көрсетуге р ұ қ с а т т а р б е р у ;

9) өз құзыретінің шегінде қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік экологиялық сараптама, рұқсат беру, лицензиялық және экологиялық-сараптамалық қызмет, нормалау және стандарттар саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін, сондай-ақ табиғатты ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ынталандырудың экономикалық әдістері мен тетіктерінің жүйесін ұйымдастыру ж ә н е ж е т і л д і р у ;

10) өз құзыреті шегінде экологиялық ақпаратқа заңнамада белгіленген тәртіппен қолжетімділікті қамтамасыз ету;

11) озық қолжетімді технологиялар тізілімін жүргізуді ұйымдастыру;

12) табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны ластау көздерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу;

13) мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен нормативтік құқықтық актілер жобаларының тізілімін жүргізу;

14) экологиялық қауіпті технологиялар, техникалар мен жабдықтардың тізілімін жүргізу;

15) өз құзыреті шегінде Қалдықтарды басқару бағдарламасын келісу;

16) қоғамдық тыңдауларға қатысу;

17) сараптамалық кеңестер туралы ережені дайындау;

18) қоршаған ортаға әсерін бағалау процедурасын орындау кезінде Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

19) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы бағдарламалық құжаттардың орындалуын ұйымдастыру, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру.

15. Мемлекеттік экологиялық бақылаудың функциялары:

1) келесілерге мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының сақталуына; қоршаған ортаның ластануының салдарын жою жөніндегі шаралардың жүргізілуіне;

жерді жақсарту, жердің тозуын туғызатын процестер салдарының алдын алу және жою, топырақ құнарлығын қайта жаңғырту және сақтау жөніндегі іс-шаралар кешенінің өткізілуіне;

жерді қайта құнарландыру жөніндегі шараларды қабылдауды қамтамасыз ететін кәсіпорындар, құрылыстар және өзге де объектілерді салу және қайта құру кезінде экологиялық талаптардың сақталуына;

жерді қайта құнарландыру жөніндегі жобаланған жұмыстарды орындау бөлігінде кәсіпорындар, құрылыстар және өзге объектілерді іске қосу және пайдалану кезінде экологиялық талаптардың сақталуына;

жердің бұзылуына байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде топырақтың құнарлы қабатының алынуына, сақталуына және пайдаланылуына;

пайдалы қазбалардың қорын өнеркәсіптік өндіруден немесе өзге де бұзушы процесстер мен жұмыстардан босаған жерлерді олардың нысаналы мақсатына сәйкес бұдан әрі пайдалануға жарамды жағдайға келтірілуіне;

қоршаған ортаны қорғауға қатысты лицензиялық-келісімшарттық шарттардың сақталуына;

кен орындарын және өзге де қоршаған орта объектілерін бұзушылыққа әкеліп соғатын ластанудан, су басудан және техногендік процестерден жер қойнауының сақталуына;

жер қойнауын пайдалану объектілерінің консервациялануына және ж о й ы л у ы н а ;

жер қойнауын пайдалану және минералды шикізатты қайта өңдеу кезінде экологиялық нормалар мен ережелердің сақталуына;

минералды шикізатты өндіру және қайта өңдеу кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жобалық шешімдердің сақталуына;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде авариялық немесе өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу жөніндегі і с - ш а р а л а р д ы ң о р ы н д а л у ы н а ;

зиянды заттардың, радиоактивті қалдықтардың көмілуіне және сарқынды сулардың жер қойнауына төгілуіне;

Қазақстан Республикасының континентальдық қайраңында қалдықтарды және басқа да материалдарды көму, ұнғымалар мен жабдықтарды консервациялау мен бөлшектеу ережелерінің сақталуына; су сапасы нормативтерінің сақталуына;

атмосфералық ауаны қорғау, сондай-ақ климат пен жердің озон қабатын қорғау мәселелері жөніндегі, оның ішінде көлік және өзге қозғалмалы құралдарды пайдалануға шығарған және пайдаланған кезде техникалық регламенттердің, нормативтердің, ережелердің және өзге талаптарының с а қ т а л у ы н а ;

кәсіпорындарды пайдалануға қосу, қалдықтарды қоймалау және жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуына;

парниктік газдар шығарындыларын жүзеге асыру кезінде талаптардың с а қ т а л у ы н а ;

кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге объектілерді салу, қайта жаңғырту, пайдалануға қосу және пайдалану кезінде экологиялық талаптардың сақталуына;

радиоактивті және өзге экологиялық қауіпті заттарды пайдалану, сақтау, тасымалдау, көму, кәдеге жарату немесе өзге жұмыс істеу ережелерін қоршаған орта ластануының алдын алу жөніндегі экологиялық талаптар бөлігінде с а қ т а л у ы н а ;

химиялық және биологиялық заттарды қолдану, сақтау, тасымалдау бойынша белгіленген нормалар мен ережелердің сақталуына;

экологиялық рұқсаттармен белгіленген табиғатты пайдалану шарттарының о р ы н д а л у ы н а ;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын есептеу, кәдеге жарату мен залалсыздандырудың белгіленген нормалары мен ережелерінің сақталуына;

ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің стационарлық көздері бар және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыратын объектілердің санитарлық қорғау аймақтарына экологиялық талаптардың сақталуына;

Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық жағдайға, қоршаған орта объектілерінің радиоактивті заттармен ластануының алдын алу жөніндегі жобалық шешімдердің орындалуына;

тазарту құрылыстары жұмысының технологиялық регламенттерінің сақталуына;

өндірістік экологиялық бақылаудың нормалары мен ережелерінің сақталуына;

Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамасының сақталуына;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары мен ережелерінің сақталуына;

мемлекеттік экологиялық сараптаманы өткізудің міндеттілігі туралы және оның шарттарын орындау туралы талаптардың сақталуына;

міндетті экологиялық аудитті өткізу және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі шынайы ақпаратты ұсыну туралы талаптардың сақталуына;

Қазақстан Республикасының континентальдық қайраңында теңіздік ғылыми зерттеулерді өткізген кезде экологиялық талаптардың сақталуына;

қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау қағидаларының сақталуына;

технологияларға, техника мен жабдыққа қойылатын экологиялық талаптардың сақталуына;

Ресей Федерациясының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға алу шартында көрсетілген шарттардың сақталуына;

өзінің құзыретіне сәйкес су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруына;

өзінің құзыреті шегінде су қорғау аймақтарында және бөліктерінде шаруашылық қызметінің режиміне талаптардың сақталуына;

жер қойнауының қорғалуына;

жер қойнауын заңсыз пайдалануына;

жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып, жер қойнауын ластау бөлігінде жер қойнауын қорғау саласындағы талаптардың бұзылуына салдарынан орын алған залалдың мөлшерін анықтау;

мұнай өнімдерін өндіру және айналымы кезінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының сақталуына;

шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасау жөніндегі міндеттерінің орындалуына;

коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеген кезде экологиялық талаптардың

сақталуына бақылауды қамтамасыз етілуіне;
полигондарда қалдықтарды орналастыру және полигондарды ұстау талаптарының сақталуына;
2) конкурсқа қойылуға жататын жалпы таралған пайдалы қазбаларды қамтитын жер қойнауы учаскелерінен басқа жер қойнауы учаскелері тізбелерінің жобаларын келісу;
3) мемлекеттік экологиялық бақылау органдарының жүйесіндегі зертханалық-талдамалық бақылау қызметтерінің қызметін жетілдіру;
4) жарғысында қоғамдық экологиялық бақылау функциялары көзделген қоғамдық бірлестіктердің тізбесін жасау;
5) міндетті экологиялық аудитті жүргізу туралы шешім қабылдау;
6) ілеспе газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларын келісу;
7) Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде фондық экологиялық зерттеулер бағдарламаларын келісу;
8) бюджеттік өтінімдерді әзірлеуге Комитеттің құзыреті шегінде қатысу;
9) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуде жұмыс органы болып табылады.

4. Комитеттің құқықтары мен міндеттері

16. Комитет өз құзыреті шегінде мыналарға құқылы:

- 1) барлық ұйымдармен, лауазымды тұлғалармен және азаматтармен орындауға міндетті шешімдерді қабылдау;
- 2) экологиялық сараптаманы өткізу үшін сырттай сарапшыларды тарту;
- 3) кеңесу органы болып табылатын Мемлекеттік экологиялық сараптама жөніндегі Сарапшылық кеңесті құру туралы ұсыныстарды енгізу;
- 4) министрліктерден, ведомстволардан және өзге орталық және жергілікті атқарушы органдардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан, сондай-ақ лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты өз құзыреті шегінде алу;
- 5) табиғат пайдаланушылармен, жеке тұлғалармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекеттесу;
- 6) тексерілетін, оның ішінде әсери және қорғаныс объектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте кедергісіз бару;
- 7) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттамаларды, талдау нәтижелерін және өзге материалдарды сұрастыру және алу;
- 8) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, табиғи ресурстарды пайдалануға және алуға лицензияларды қайтару және (немесе) шарттарды (келісім-шарттарды) бұзуды және (немесе) қоршаған ортаға

эмиссияға рұқсатты және өзге де табиғатты пайдалануға рұқсатты тоқтата тұруды және жоюды бастамашылық ету;

9) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзуларды жою туралы жазбаша ескерту шығару;

10) сотта талапкер және жауапкер бола алады;

11) қоршаған ортаны қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарастыру, тиісті органдарға тұлғаларды әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы материалдарды жолдау;

12) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген залалдың мөлшерін анықтау немесе анықтауға қатысу, зиянды өтеу туралы жазбаша ескертулерді шығару және сотқа т а л а п - т і л е к т е р қ о ю ;

13) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылардың әрекеттерінің алдын алу немесе болдырмау үшін прокуратураға және құқық қорғау органдарына ықпал етуге жүгіну;

14) барлауды, өндіруді, бірлескен барлауды және өндіруді жүргізуді немесе барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты имараттарын салуды және (немесе) пайдалануды тоқтата тұру туралы шешімді қабылдауды тудырған себептерді жоюдан мердігердің бас тартуы жағдайында, немесе осы себептерді оларды жоюға жеткілікті мерзімде жоймау кезінде; жер қойнауын пайдаланушылармен Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасымен қарастырылған шараларды қабылдамау; жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұруды тудырған себептерді жоюдың мүмкінсіздігі; мердігермен келісім-шартпен немесе жұмыстардың бағдарламасымен белгіленген міндеттерді мәнді бұзуы жағдайларында құзыретті органға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге келісім-шарттың қызметін жою туралы ұсыныстарды өз құзыреті шегінде енгізу;

15) Қазақстан Республикасының қоршаған табиғи ортаны және табиғат ресурстарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік бағдарламаларының және болжамдарының жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

16) Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің құрылымдық бөлімшелеріне нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, сондай-ақ, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі ж ө н і н д е ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ;

17) өз құзыреті шегінде халықаралық экологиялық ұйымдармен, шетел заңды тұлғаларымен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру және жүзеге асыру, Қазақстан Республикасымен қабылданған келісімдер мен конвенцияларды, экологиялық бағдарламаларды және жобаларды орындау жөніндегі мемлекетаралық ы н т ы м а қ т а с т ы қ қ а қ а т ы с у ;

18) Комитеттің аумақтық органдарының қызметіне бақылауды жүзеге асыру.

17. Комитеттің міндеттері:

- 1) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер беру;
- 2) өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде, бұл жөнінде Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдар ресми сұрау салған ретте қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсынуға;
- 3) Комитет қызметкерлерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілер этикасы нормаларын сақтауын қамтамасыз етуге;
- 4) Министрлік басшылығына немесе құқық қорғау органдарына белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізу;
- 5) Комитеттің қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқарғанда гендерлік кемсітушілікке жол бермеу.

5. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

18. Комитетті Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрі қызметке тағайындайтын және босататын Төраға басқарады.

Комитеттің төрағасы Комитет төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің жауапты хатшысымен лауазымыға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарларға ие.

Комитетпен қабылданатын шешімдер Комитет Төрағасының бұйрығымен ресімделеді.

19. Комитеттің Төрағасы Комитеттің жұмысын басқаруды ұйымдастырады және жүзеге асырады және Комитетке жүктелген тапсырмаларды орындау және онымен өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауапкершілікте болады.

20. Осы мақсаттарда Комитет Төрағасы:

- 1) заңнамада белгіленген тәртіпте Комитет қызметкерлерін, Төрағаның орынбасарларын қоспағанда, лауазымдарына тағайындайды және лауазымдарынан босатады;
- 2) заңнамамен белгіленген тәртіпте тәртіптік жазаларды қолданады;
- 3) өз құзыреті шегінде бұйрықтарды шығарады;
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитетті өз құзыреті шегінде білдіреді;
- 5) Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің жауапты хатшысына Комитеттің және оның аумақтық органдарының құрылымы мен штаттық санын өзгерту туралы ұсыныстарды енгізеді;

б) оның құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдерді қ а б ы л д а й д ы ;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша жеке жауапкершілік ж ү к т е л е д і ;

8) заңнамада бекітілген тәртіпте Комитет қызметкерлерін, Комитеттің аумақтық органдары - экология департаменттері басшыларының орынбасарларын іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілік арттыру, көтермелеу, үстеме ақылар төлеу және сыйлық ақы беру мәселелерін шешеді.

9) аумақтық органдар – экология департаменттері басшылары және олардың орынбасарлары қызмет орындарында уақытша болмаған кездерде олардың міндеттерін атқаруды жүктеу мәселелерін шешеді.

6. Комитеттің мүлкі

21. Комитеттің меншік құқығында немесе өзге де заттай құқықта оқшау мүлкі ж о қ .

22. Комитеттің мүлкі оған мемлекет Министрліктің атынан берген республикалық меншікке жататын мүліктің есебінен қалыптасады.

7. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

23. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о р ш а ғ а н о р т а ж әне с у
р е с у р с т а р ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы « 2 0 » қ а ң т а р д а ғ ы
№ 1 1 - ө б ұ й р ы ғ ы н а
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары
министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің тиісті
облыстағы, Астана және Алматы қалаларындағы
аумақтық органы – Экология департаменті туралы ереже**

1. Жалпы ереже

1. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып Экология департаменті (бұдан әрі - Департамент) табылады, ол қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау саласындағы реттеу мен мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып т а б ы л а д ы .

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Комитеттің бұйрықтары мен ұйғарымдарына, сонымен қатар осы Ережеге сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, тиісті үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары б о л а д ы .

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан және егер уәкілеттік берілсе Комитеттің атынан түседі.

5. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бұйрықтар түріндегі актілер шығарады.

6. Аумақтық органның құрылымы мен штаттық саны Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Жауапты хатшысымен Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрімен келісе отырып бекітіледі.

7. Департамент Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте, өзінің орналасқан жерінен тыс орналасқан және Департаменттің атынан және оның тапсырмасы бойынша олар туралы ереженің негізінде әрекет ететін заңды тұлға болып табылмайтын филиалдар құруға құқылы.

8. Аумақтық органның толық атауы: мемлекеттік тілде – «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің _____ Экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі; орыс тілінде - Республиканское государственное учреждение «Департамент экологии _____ Комитета экологического регулирования и контроля Министерства окружающей среды и водных ресурсов Республики К а з а х с т а н » .

9. Департаменттің заңды мекен-жайы:

10. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы ретінде мемлекет атынан Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі

Экологиялық реттеу және бақылау комитеті болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 ақпандағы № 172 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің ережесі және осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаттары болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

13. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары және міндеттері

14. Департаменттің негізгі міндеттері болып келесілер табылады:

1) қоршаған орта сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және қоғамның экологиялық орнықты дамуының қолдайлы деңгейіне жету;

2) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды, шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында табиғатты қорғау заңнамасының және экологиялық талаптар нормативтерінің сақталуын қамтамасыз ету;

3) қоршаған ортаны өндірістік экологиялық бақылау жүргізуді аумақтық деңгейде үйлестіру;

4) аумақтық табиғатты қорғау бағдарламаларын және әлеуметтік-экономикалық даму жоспарлары аясындағы іс-шараларды келісу және олардың жүзеге асырылуына бақылау жасау;

5) экологиялық ақпараттарды жинау және таратуды ұйымдастыру және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ағарту жүйесін дамыту;

6) қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекеттесу және ынтымақтастық орнату;

7) аумақтық деңгейде мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыруды, заңнамада белгіленген тәртіпте экологиялық рұқсаттарды беру.

15. Департамент заңнамада белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) өз құзыреті шегінде экологиялық рұқсаттарды береді, тоқтата тұрады, кері

шақырып алады және жояды;

2) өндірістік мониторинг бағдарламаларын, өндірістік бақылау бағдарламаларын келіседі;

3) өз құзыреті шегінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастырады және жүргізеді;

4) өз құзыреті шегінде лицензияланатын қызметтердің жекелеген түрлеріне лицензия алуға қорытындылар береді;

5) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының сақталуына мемлекеттік экологиялық бақылауды жүргізеді;

6) қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтер туралы есептік мәліметтер мен ақпараттарды әзірлейді және бекітілген тәртіпте Комитетке ұсынады;

7) қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

8) қоршаған ортаны қорғау саласындағы перспективті және ағымдағы жұмыс жоспарларын әзірлейді және бекітеді, сонымен қатар мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру мәселелері бойынша жұмыс жоспарларын Комитетпен келіседі;

9) өз құзыреті шегінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және өткізу бойынша жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларының қызметіне бақылауды жүзеге асырады;

10) қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы халықаралық конвенциялар мен келісімдерді, бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға қатысады;

11) өңірдің өзекті экологиялық проблемаларын республикалық қаражат есебінен шешу үшін қажетті іс-шараларды жүргізу бойынша негізделген ұсыныстарды дайындайды және Комитетке ұсынады;

12) құпиялық режимді, құпия іс қағаздар жүргізуді қамтамасыз етеді және өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды техникалық қорғауды ұйымдастырады;

13) объектілердің қызметін реттейтін құжаттарды, онда қолданыстағы заңнамаға сәйкес экологиялық талаптардың мүмкіндігінше толық ескерілуі бөлігінде келісуге қатысады;

14) өз құзыреті шегінде Департаменттің сараптамалық комиссияларын құрамын анықтайды;

15) мобилизациялық дайындық және мобилизациялау бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

16) арнайы су пайдалануға рұқсаттар беруді келіседі;

17) қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және белгіленіп отырған

шаруашылық және өзге де қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысты экологиялық ақпаратқа қоғамның қол жетімділігін қамтамасыз етеді;

18) экологиялық рұқсаттарда (қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат және кешенді экологиялық рұқсат) қоршаған ортаға эмиссиялардың лимитін белгілейді;

19) өз құзыреті шегінде табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы лицензияларды, рұқсаттарды беруді, шарттарды (келісім шарттарды) келіседі;

20) қоршаған ортаның ластанған учаскілерінің мемлекеттік есебін, сонымен қатар қоршаған ортаның ластанған учаскілерінің тізілімін жүргізуге қатысады;

21) зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму мен сарқынды суларды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастрын жүргізуге қатысады;

22) өндіріс пен тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын жүргізуге қатысады;

23) өз құзыреті шегінде экологиялық насихаттау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға қатысады;

24) су объектілерін кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемаларын келісуге, бассейндік келісімдерді дайындауға, су объектілерін пайдалану, молықтыру және қорғау жөніндегі мемлекеттік (өңірлік және бассейндік) бағдарламалар әзірлеуге, сондай-ақ өз құзыреті шегінде су ресурстарын басқарудың бассейндік принципін іске асыруға қатысады.

16. Департамент өз құзыреті шегінде құқылы:

1) барлық ұйымдармен, лауазымды тұлғалармен және азаматтармен орындауға міндетті өз құзыреті шегінде шешімдерді қабылдауға;

2) белгіленген тәртіпте ұйымдар мен өзге де объектілерге меншік және бағыныстылық нысанына қарамастан кедергісіз кіруге (сонымен қатар әскери және қорғаныс объектілеріне);

3) өз құзыреті шегіндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттарды мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдар мен жеке тұлғалардан сұраттыруға, алуға;

4) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының бұзылуы анықталған жағдайларда жергілікті атқарушы органдардың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменттерінің мемлекеттік экологиялық сараптама бөлімдері берген мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларын кері шақыруға ұсыныс енгізуге;

5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарастыруға, тиісті органдарға тұлғаларды әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы материалдарды жолдауға;

6) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар шығаруға;

7) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызметті шектеу, тоқтата тұру және тыйым салу туралы талап-арыздар ұсынуға;

8) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу салдарынан қоршаған ортаға келтірілген залал мөлшерін айқындауға немесе анықтауға қатысуға, залалды өтеу туралы нұсқама шығаруға және сотқа талап-арыз ұсынуға ;

9) банктер мен қаржы ұйымдарына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болмаған құрылыс және шаруашылық және өзге де қызметтер жобаларын жүзеге асыруды қаржыландыруды тоқтату туралы нұсқамалар шығаруға .

17. Департаменттің міндеттемелері:

1) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер беру ;

2) өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде, бұл жөнінде Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдар ресми сұрау салған ретте қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсынуға;

3) Департамент қызметкерлерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілер этикасы нормаларын сақтауын қамтамасыз етуге;

4) Комитет басшылығына немесе құқық қорғау органдарына белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізу;

5) Департаменттің қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқарғанда гендерлік кемсітушілікке жол бермеу .

18. Департаменттің мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлері, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес мемлекеттік экологиялық инспектордың құқықтарын иеленеді.

3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

19. Департаментті Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрімен келісе отырып, Төрағаның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Жауапты хатшысымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын Басшы басқарады .

Департамент Басшысы болмаған жағдайда оның міндетін орындау, Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің жауапты хатшысының бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің келісе отырып, орынбасарына немесе Комитеттің және/немесе оның аумақтық бөлімшесінің басқа да қызметкеріне жүктеледі.

20. Департаменттің Басшысына демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстеме ақылар төлеу және сыйлық ақы беру мәселелері Комитет Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Жауапты хатшысының бұйрығымен рәсімделеді.

21. Басшының, Комитет Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Жауапты хатшысымен лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары бар.

Тиісті облыстардың/Астана және Алматы Бас мемлекеттік экологиялық инспекторлары Департамент Басшысының орынбарлары болып табылады.

22. Департамент Басшысы Департаменттің қызметін ұйымдастырады және басшылық етеді және Департаментке жүктелген міндеттерді орындауға және өзінің функцияларын жүзеге асыруға жеке жауаптылықта болады.

23. Департамент Басшысы осы мақсаттарда:

1) өзінің орынбасарының және Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен жауапкершіліктерін анықтайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Департамент қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) заңнамамен белгіленген тәртіпте Департамент қызметкерлерін тәртіптік жазаға тартады және мадақтау шараларын қолданады;

4) өзге де мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Департаменттің мүддесін ұсынады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

6) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды.

4. Департаменттің мүлкі

24. Департамент жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікке ие. Департаменттің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің, сондай-ақ олардың құны департаменттің теңгерімінде көрсетілетін негізгі қор және айналым қаражаттарынан, сондай-ақ өзге мүліктің есебінен қалыптасады.

25. Департаментке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер Заңда өзгеше белгіленбесе, департаменттің өзіне бекітіліп берілген, оған қаржыландыру жоспары бойынша бөлінетін қаражат есебінен сатып алынатын мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

27. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о р ш а ғ а н о р т а ж әне с у
р е с у р с т а р ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 4 ж ыл ғы « 2 0 »
№ 1 1 - ө б ұ й р ы ғ ы н а
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің республикалық мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының тізімі

1. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
2. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
3. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
4. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
5. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
6. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
7. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
8. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша

- экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
9. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
10. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
11. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
12. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
13. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
14. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қостанай облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
15. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
16. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі.